

зерттеушілік, ойшылдық, шығармашылық қасиеті бар, әрі оқушысын осы қасиеттері арқылы өз бетінше оқып, ізденіп, кеңейтілген білім алуға үйрете алатын маман болуы керек. Сабақ ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбек етуінен туатын педагогикалық шығарма. Сабақ үстінде небір күрделі қиындықтар, әр түрлі ситуациялар кездеседі. Шебер ұстаз соның бәріне төтеп беріп, ешқандай әрекетке жол бермей, сабақ үрдісін түрлендіріп отыруы керек. Шеберліктің және бір маңызды көрсеткіші – оқушыларды белсенділікке ынталандыра білу, олардың қабілеттерін, дербестігі мен зерделілігін көтере түсу, балаларды сабақ барысында ой толғастыруға ойыстыру. Сабақ кезіндегі көтеріңкі көңіл-күй, өзара түсіністік, достық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін мұғалім әр оқушының мінез-құлқын, темпераментін, жинақылығын, ұстамдылығын және денсаулығын ескеруі керек.

Қорыта айтқанда, бәрі шеберлікке тәуелді. Ал шеберліктің өзі ұзаққа созылған тыңғылықты, өзін жасауға бағытталған мұғалім еңбегінің нәтижесі. Қазіргі заманғы мұғалім – өз кәсібіне рухани күш-жігерін, парасат-қуатын сала білетін жігерлі тұлға, ерекше талантты жан. Ұстаз әр баланың жан-дүниесін танып-білуші әрі, оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі.

#### Әдебиеттер

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың 2012-2016 жж. арналған Ұлттық жоспары. – Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]. - <http://adilet.zan.kz/kaz>
2. Қазақстан үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]. - <http://adilet.zan.kz/kaz>
3. Бабаева С. Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. – Алматы: баспасы, 2013. – 416 б.
4. Столяренко Л.Д. Педагогика, Ростов–на–Дону, «Феникс», 2000.
5. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңы. – Астана: Елорда, 2007.
6. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.

Маева Т.Б., Маженова Р.Б., Медет Г.М.

*Қарағанды қаласының №101 мектеп-лицейі*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

#### МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІ

Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасында бала ойынына үлкен мән берілген. Себебі, ойын – баланың негізгі әрекеті. Бала өмірге келісімен ойын арқылы өзін қоршаған әлемді, табиғатты таниды. Сол арқылы дамиды, өседі. Ойын үстінде игерген білім-білік дағдыларын қолдануға, жетілдіруге мүмкіндік алады. Бағдарламада баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттырып, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болатын сюжеттік-рөлдік ойындарға ерекше орын беріледі [1].

Ойын – баланың өз ынтасынан туған белсенді шығармашылық сипаттағы және жоғары эмоционалдық толыққандылығымен ерекшеленетін еркін, өзіндік іс-әрекет.

Педагогикалық энциклопедияда «Ойын – үлкендердің істерін, олардың арасындағы қарым-қатынастарын қайталайтын балалардың іс-әрекетінің бір түрі... дене, ақыл-ой және адамгершілік тәрбие құралдарының бірі» деп анықтама берілген [2].

Н.П.Аникеева, Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин және т.б. көптеген зерттеушілер: «Ойын – күрделі әлеуметтік мәдени феномен, туғаннан бастап өмірінің соңына дейін бірге жүретін адамның бөлінбес өмірі», - деп айтқан болатын.

Сонымен, ойынның мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті ретінде баланың психикалық дамуында өте үлкен маңызы бар. Ойын әрқашан педагогтар мен психологтардың назарынан тыс қалған емес. Балалар ойыны саласындағы көрнекті психологтар, теоретиктер Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин. Педагогикада ойын теориясын белсенді түрде қарастырған К.Д.Ушинский, Р.И.Жуковская, Н.Я.Михайленко, Н.А.Короткова, С.А.Шмакова және т.б. Түрлі ойындардың маңызы мен оларды дамыту жолдарын қарастырған В.Н.Аванесова, Н.В.Артемова, З.М.Богуславская, Н.Я.Михайленко, Е.Н.Радица, И.Сорокина және т.б. Көркем өнерге тәрбиелеудегі ойынның маңызын Н.А.Ветлугина, Н.П.Сакулина және т.б. зерттеген. Шетелдік психология мен педагогикада ойынның ерекшеліктерін Э.Берн, Д.Дьюи, Ж.Пиаже, З.Фрейд, Э.Фромм, И.Хейнзорге өз еңбектеріне арқау еткен. Олардың еңбектерінде әрекет ретінде ойынның мәнін, тұлға онтогенезіндегі оның рөлін, әлеуметтендіру процесінде – адамның қоғамдық тәжірибені меңгеру және пайдалану орнын түсінудің түрлі тұжырымдамалары баяндалған [3].

Баланың шығармашылық қиял, қабілетін, тілін дамытуда да ойынның айрықша маңызы бар екендігін қазақ халқының этнограф-ғалымы Ш.Уәлиханов, ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин, қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Жұмабаев және т.б. атап көрсеткен [4].

Ойын - баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқан болатын. Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Балалықтың қанына ойын азық» - деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Мағжан Жұмабаев: «Баланың қиялы, әсіресе ойында жарыққа шығады. Айналасындағы тұрмыстан нені көрсе, соны істейді. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала жанындағы нәрселерді пайдаланады», - дей келе бала ойынына ерекше мән берген. Жүсіпбек Аймауытов: ««Бала ойыны» деген тақырып – өте кең тақырып. Мысалы, ойын кезінде баланың шығарғыштығы, еліктегіштігі, қандай екенінің, баланың көбірек ойнайтын ойыны не екенінің жоспарын жасау керек. Ойын баланы ер көңілді, әділ болуға тәрбиелейді», - деп айтса, ал Ахмет Байтұрсынов: «...баланы ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету керек», - деген болатын.

Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынды зерттеу мәселесімен тек психологтар мен педагогтар ғана емес, философтар, тарихшылар, этнографтар және өнер қайраткерлері мен бала тәрбиесін зерттейтін ғалымдар да шұғылданды. Көптеген балалар жазушылары бала ойынының психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы суреттегені де мәлім.

Балалар ойындары алуан түрлі. Олар мазмұны, ұйымдастырылуы, ережесі, көрініс сипаты, балаға әсері, пайдаланылатын тәсілдері, шыққан тегі және т.б. жағынан әртүрлі. Балалар ойындарының көптүрлілігі оларды классификациялауды күрделілендіреді. Ойындарды классификациялауға көптеген көзқарастар мен негіздер бар [5].

Балалар ойындарының классификациясын қорытындылай келе, авторлық классификацияның көптігіне қарамастан онда жалпы және ортақ белгілері байқалады.

Функция – бұл міндет, іс-әрекет аясы, рөл, амалдар жиынтығы. Ойын іс-әрекеті, С.А.Шмаковтың пікірінше, - адам жаратылысының таң қаларлық феномені. Адамзат практикасында ойын бірқатар функциялар орындайды [8].

Ойын функциясы:


- әлеуметтік-мәдени функция;
- ұлтаралық коммуникация функциясы;
- коммуникативтік функция;
- ойынның диагностикалық функциясы;
- ойынның терапиясы (емдік) функциясы;
- ойынның түзету функциясы;
- алдандыру функциясы.

	Балалар ойындарын классификациялау
	<p><i>К.Гросс</i> ойындардың түрлерін олардың педагогикалық маңызына қарай бөлуді қарастырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ «жай әдеттегі функциялы ойындар» - қозғалыс, ойлау, сенсорлық, дамытушы;</li> <li>✓ «арнайы функциялы ойындар» - инстинкті жетілдіру мақсатындағы ойын-жаттығулар – жанұялық ойындар, аң аулау ойыны, қызмет көрсету ойындары [6].</li> </ul>
	<p><i>Ф.Лесгафт</i> ойындарды екі топқа бөлді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• имитациялық (еліктеушілік) – өзіндік шығармашылдық ойындар;</li> <li>• қозғалыс ойындары (ережесі бар ойындар).</li> </ul>
	<p><i>Ж.Пиаже</i> ойынды ақыл-ой дамуы факторы ретінде ашып берді. Ойынның құрылымында ол жаттығуларды, символды, ережелерді бөліп көрсетті. Барлық ойындарды ол былайша бөлді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• ойын-жаттығулар немесе сенсорлық-қозғалу ойындары;</li> <li>• символикалық (ойдан шығарылған) ойындар;</li> <li>• ережелері бар ойындар.</li> </ul>
	<p><i>Ф.Фребель</i> классификацияның негізіне ойындардың әсерін саралау принципін қояды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• ақыл-ойды дамытатын – ойлау ойындары;</li> <li>• сезімнің сыртқы органдарын дамытатын – сенсорлық ойындар;</li> <li>• қозғалысты дамытатын – моторлы ойындар.</li> </ul>
	<p><i>И.Я. Михайленко, Н.А. Короткова</i> балалар ойынының классификациясына мыналарды кіргізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ сюжеттік ойындар – ерекшелігі амалдардың шартты сипатында;</li> <li>✓ ережесі бар ойындар – нақты анықталған және орындау үшін міндетті ережелері бар, қатаң, формалды іс-әрекет. Бұл ойындардың ерекшелігі – қатысушылар арасындағы жарыс, нәтиженің ерекше болуы (ұтыс) және үлкен табысқа жеткен жеңімпаздың болуы.</li> </ul> <p>Сюжеттік ойындар жеке және ұжымдық болуы мүмкін. Ережелі ойындар, кем дегенде, екі адамы бар іс-әрекеттің біріккен түрі.</p> <p>Ережелі ойындардың үш типі бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• шанстық ойындар – жеңіс ойыншылардың күш-жігеріне тәуелді емес;</li> <li>• физикалық (дене) компетенциясына тәуелді ойындар – жеңіс физикалық білігіне, дағдыларына, сапаларына тәуелді;</li> <li>• ойлау компетенциясына тәуелді ойындар (стратегиялық ойындар) - онда зейін, ес, комбинаторлық қабілеттер қажет;</li> <li>• ойынның аралас түрі, онда физикалық та, ойлау компетенттілігі де талап етіледі, жеңіске жетудің барлық элементтері қатыстырылады.</li> </ul>
	<p><i>С.Л. Новоселова</i> балалар ойындарын 3 топқа бөледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ойынның 1-ші тобы – балалардың қалауынан туған ойындар. Олар сюжеттік (сюжеттік-бейнелеу, сюжеттік-рөлдік, режиссерлық, театрландырылған) ойындар және ойын-эксперимент (табиғи объектілермен, құбылыстармен, материалдармен, жануарлармен, ойыншықтармен және заттармен) ойындар.</li> <li>• Ойынның 2-ші тобы – үлкендердің қалауынан туған ойындар: оқытушылық (автодидактикалық, заттық, сюжеттік-дидактикалық, қозғалу, музыкалық, оқу-заттық ойындар; кол бос уақыттағы (ойын-ермек, алданыш, театрлық, мерекелік, карнавалдық, компьютерлік) ойындар.</li> <li>• Ойынның 3-ші тобы – этностың тарихи қалыптасқан дәстүрінен келетін ойындар (халықтық): салттық (культтік, отбасылық, кезеңдік; тренингілік (интеллектуалдық, бейімділік, сенсомоторлық); кол бос уақыттағы (ермектік, алданыш) ойындар.</li> </ul>
	<p><i>Н.К. Крупская</i> былай көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ балалардың өздері ойлап тапқан ойындары – шығармашылық ойындары;</li> <li>✓ үлкендердің ойлап тапқан ойындары - ережесі бар ойындар.</li> <li>✓ Мұндай классификация шартты түрде, шығармашылдық ойындарда да оларды реттейтін, рөлдерді анықтайтын және өзара әрекетті сипаттайтын ереже болады. Ережесі бар ойындарда балалар шығармашылығы орын алады [7].</li> </ul>

1 сурет. Балалар ойындарының классификациясы

Ойын функцияларын қорытындылай келе, бүлдіршіндерді заман талабына сай коммуникативті қасиеттері мен эстетикалық талғамы, сезімі жоғары, ұшқыр ойлы, белсенді, кез келген ортаға бейімделетін, өзін-өзі ұстай алатын тұлға қалыптастыруда ойын функцияларының атқаратын орны ерекше.

Балалар ойындарына дұрыс басшылық жасалған жағдайда, олардың ақыл-ойы, тіл байлығы, сөздік қоры дамиды. Баланың талғамын, қызығушылығын, тілін дамыту барлығы ойын арқылы жүзеге асырылады. Ойын түрлері төмендегі 2-суретте көрсетілген.



2 сурет. Ойын түрлері

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетінің сипаты жастарына қарай өзгереді. Мектепке дейінгі кіші жаста балалар үшін қарапайым өмірлік ситуацияларды көрсететін сюжеттік ойындар маңызды. Ереже көбінесе оқиғаның өзінде, жасырын сипатта болады. Мектеп жасына дейінгі ересек жаста неғұрлым қозғалыс ойындары, ережелі ойындар, шығармашылық ойындар аса қызықты болады.

Ойын сюжетінің әр алуандылығы артқан сайын ойын уақытының ұзақтығы да артады. Мәселен, үш-төрт жастағы балалар ойынының ұзақтығы бар болғаны 10-15 минут болса, төрт-бес жастағы балалар ойынының ұзақтығы 40-45 минутқа, мектепке дейінгі ересектердің ойыны бірнеше сағатқа, кейде тіпті бірнеше күнге созыла береді [9].

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Тәрбиеші бағдарламада көрсетілген сюжеттік-рөлдік, қимыл-қозғалысты, дидактикалық және басқа да ойын түрлерін пайдалана отырып, топтағы баланың ойын әрекетін ұйымдастыра білуі тиіс. Ойын барысындағы балалардың айналадағы дүние жайында мағлұматтары кеңейіп (таным белсенділігі артып), игерген білім – машықтарының негізінде бір сюжетке орай басты кейіпкерлерге еліктеу (шығармашылық белсенділік), ойын ойнауға өзіне серік тауып алуы, онымен шынайы қарым-қатынас орната отырып, таңдап алған рөлдеріне деген жауапкершілігі арта түседі.

Ойын - балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал [10].

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс Қарағанды қаласының №7 «Жұлдыз» мектепке дейінгі ұйымында жүргізілді. Зерттеуге балалар, тәрбиешілер қатынасты. Мен өз экспериментімді «Бәйтерек», яғни ересек топ балаларына жүргіздім. Бұл топтың балалары 5-6 жаста. Эксперимент жүргізу барысында 28 баланың 20-ы қатысып, өз деңгейлерін көрсете білді. Эксперимент барысында мен балаларға сюжеттік-рөлдік ойындар ойнаттым.

Зерттеу міндеттері:

1. Сюжеттік-рөлдік ойындар туралы мектеп жасына дейінгі балалардың түсінігін зерттеу;

2. Сюжеттік-рөлді ойындарды балалардың ойнай алуы мен ойынға деген қызығушылық ерекшеліктерін көрсету;

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың сюжеттік-рөлдік ойындарды ойнай алу деңгейін анықтау;

4. Ойын барысына ата-аналардың, тәрбиешілердің қатынасын зерттеу.

Анықтаушы эксперимент мақсаты: балалардың сюжеттік-рөлдік ойындарды ойнай алу қабілеті қандай деңгейде екенін анықтап алу.

Мен балалардың деңгейін анықтап алу үшін балалаға «Дүкендер әлемі» сюжеттік-рөлдік ойынын ойнаттым. Балалардың қалалаулары бойынша балаларды рөлге бөлдім. Балалар өз рөлдеріне байланысты күнделікті ата-аналарымен дүкенге барған кездегі көрген іс-әрекеттерін қайталады. «Дүкендер әлемі» ойыны арқылы балалардың деңгейін анықтап, қорытынды жасаған болатынмын.


Осы эксперименттен шыққан қорытынды:

Белсене қатысқандар – 5 - 25%

Қатысқандар – 7 - 35%

Қатыспағандар – 8 - 40%

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын деңгейлерінің көрсеткіші төмендегі 1-суретте көрсетілген.



1 сурет. Мектеп жасына дейінгі баланың ойын деңгейлерінің көрсеткіші

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты: мектепке дейінгі балалардың сюжеттік-рөлдік ойындарды ойнай алу деңгейін жоғарылату және оларға дұрыс бағыт-бағдар беру.

Ендігі кезекте осы мәселе бойынша балаларға «Емхана» сюжеттік-рөлдік ойынын ойнаттым.

Осы эксперименттен шыққан қорытынды:


Белсене қатысқандар – 9 - 45%

Қатысқандар – 8 - 40%

Қатыспағандар – 4 - 20%

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын деңгейлерінің көрсеткіші төмендегі 2-суретте көрсетілген.

Бақылау эксперименті. Бұл эксперименттің мақсаты: жасалған жұмыстардың нәтижесін анықтау. Жасалған жұмыстардың нәтижесін бақылау үшін біз балалармен «Дүкендер әлемі» ойынын қайтадан ойнадық. Балалардың ойнау деңгейлері бастапқыға қарағанда біршама дамыған.



2 сурет. Мектеп жасына дейінгі баланың ойын деңгейлерінің көрсеткіші

Бастапқы нәтижелге қарағанда балалардың нәтижелері жақсарған. Соған тоқтала кететін болсақ:


Осы эксперименттен шыққан қорытынды:

Белсене қатысқандар – 8 - 40%

Қатысқандар – 9 - 45%

Қатыспағандар – 3 - 15%

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын деңгейлерінің көрсеткіші төмендегі 3-суретте көрсетілген.



3 сурет. Мектеп жасына дейінгі баланың ойын деңгейлерінің көрсеткіші

Сонымен, бұл жүргізген экспериментімізден шығатын қорытынды: біздің жүргізген эксперимент жұмысымыз өз нәтижесін берді деп ойлаймын. Балалардың деңгейлері бастапқыға қарағанды дамыды, әрі олардың ойнаған ойындары да күрделеніп, одан әрі балаларға қызық бола бастады.

Қорыта келе, ойын дегеніміз - балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді», - деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен.

Бала ойнап жүріп ойланады, жүйкесі тынығады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі шынығып, қалыптасады. Көңілі көтеріңкі бала өзі істеген әрекеттерді сенімділікпен орындайды, шаттық сезімге бөленеді. Балалар әр алуан қимыл-қозғалыстар арқылы бойындағы күш-қуаты мен іс-қимылын жетілдіретін қызықты ойынмен шұғылданғанды жақсы көреді. Себебі, ойын әрекеті балалардың бойындағы сезімдер мен қабілет ерекшеліктерін дамытады.

## Әдебиеттер

- 1 Мектепке дейінгі кіші жастағы (3 жастан 5 жасқа дейін) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы. - Астана, 2009.
- 2 Гамезо М.В., Домашенко И.А. Атлас по психологии. – М., 1981.
- 3 Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика. - Алматы, 2012.
- 4 Дүйсенова Ж.Қ., Нығметова Қ.Н. Балалар психологиясы. - Алматы, 2012.
- 5 Зимняя И.А. Педагогикалық психология. – Алматы, 2005.
- 6 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы, 1995.
- 7 Сағындықов Е. Педагогика. – Алматы, 1999.
- 8 Ауренова М.Д. Балалар үйінде тәрбиеленуші жеткіншектердің қарым-қатынасындағы ерекшеліктер. – Алматы, 2010.
- 9 Мухина В.С. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. - Алматы, 1986.
- 10 Дүкенбаева Г. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. – Алматы, 1992.

Маженова Р.Б., Манашова Г.Н., Қайырбекова Т.Қ.  
*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚИЯЛЫ

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында айтып өткендей, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. «Ғасырдағы экономикалық және әлеуметтік ұмтылыстағы негізгі жетекші күш – адамдар, олардың еркі, жігері, табандылығы, білімі, біліктілігі» делінген. Олай болса, алға қойылған мақсаттарды орындау үшін еліміздегі мектеп жасына дейінгі балаларымыздан бастап жастарымыздың шығармашылық қиялын жан-жақты дамытуға ден қою қажеттілігі туындайды. Сондықтан осы жағдайларды ескере кетіп, біз осы бағыттағы мәселені әрі қарай терең ашуда өз үлесімізді қосу қажетпіз. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды [1].

Қиял дегеніміз - тек адамға тән, меншікті психикалық процесс. Жануарлар дүниесінде мұндай функция болмайды. Өйткені, қиял – адамның еңбек әрекетімен дамитын психикалық қызмет. Ол басқа да психикалық процестердің түрлері сияқты шындықты бейнелеп, болмыстағы оқиғалармен бірлікте пайда болып отырады. Қиял арқылы пайда болып отыратын жаңа бейнелер адамның білім қорына, нақты образдарға, тұрақты елестерге негізделеді. Адамның әрқилы психикалық әрекеттерінде бір ғана процестің дараланып жеке кездесуі мүмкін емес. Осындай процестер бір бағытпен, арнамен өзара ұштасып, араласып жатады. Солардың ішінен адам әрекетінде бір-екеуі жетекшілік қызмет атқарады. Сонымен, қиял дегеніміз – бізді қоршаған сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың образдарын жаңартып, оларды өңдеп бейнелеуден тұратын, тек адамға ғана тән психикалық процесс [2].

Психологиялық энциклопедиялық сөздікте қиялға екі түрлі анықтама берген, біріншісі: қиял – психикалық үрдіс: а) мәселелі жағдай белгісіз болғанда мінез – құлық бағдарламасын жасайды; ә) іс – әрекетті бағдарламайды, бірақ оның орнын ауыстыратын бейнелерді жасайды; б) объектінің суреттелуіне сәйкес бейнелерді жасайды. Қиялдың маңызды мәні – іс – әрекет басталғанға дейін нәтижесін көруге мүмкіндік беріп, адамды сол арқылы іс – әрекет үрдісіне бағдарлайды. Екінші анықтамасы: қиял – психологияда сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективті бейнелерін қайтадан өңдеп бейнелеуде көрінетін тек адамға ғана тән психикалық үрдіс. Адамның миында қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі өзгерістерге түседі де, жаңа заттар мен құбылыстардың